

**ISSN (Print) 2616-6771  
ISSN (Online) 2617-9962**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

**ХАБАРШЫСЫ  
BULLETIN  
ВЕСТНИК**

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ХИМИЯ. ГЕОГРАФИЯ. ЭКОЛОГИЯ** сериясы

**CHEMISTRY. GEOGRAPHY. ECOLOGY Series**

**Серия ХИМИЯ. ГЕОГРАФИЯ. ЭКОЛОГИЯ  
№ 3(140)/2022**

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2022

Nur-Sultan, 2022

Нур-Султан, 2022

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ. СЕРИЯ: ХИМИЯ. ГЕОГРАФИЯ. ЭКОЛОГИЯ  
BULLETIN OF L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY. CHEMISTRY.  
GEOGRAPHY. ECOLOGY  
ВЕСТНИК ЕВРАЗИЙСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА. СЕРИЯ: ХИМИЯ. ГЕОГРАФИЯ. ЭКОЛОГИЯ  
SERIES  
№3(140)/2022

ГЕОГРАФИЯ. ЭКОЛОГИЯ/ GEOGRAPHY. ECOLOGY

- Бакина Е.О., Исакин И.В., Тесленок С.А., Дмитриев П.С. Ұлтаралық қақтығыстардың типологиясы: субъективті бағалау  
Bakina E.O., Isakin I.V., Teslenok S.A., Dmitriev P.S. Typology of interethnic conflicts: subjective assessment  
Бакина Е.О., Исакин И.В., Тесленок С.А., Дмитриев П.С. Типология межнациональных конфликтов: субъективная оценка 46
- Сафаров Р.З., Мендыбаева Г.Е., Мендыбаев Е.Х. Елек өзені алабындағы жер үсті суларының сапасын талдау және бағалау  
Safarov R.Z., MENDYBAEVA G.E., MENDYBAEV E.H. Analysis and assessment of surface water quality in the Ilek river basin  
Сафаров Р.З., Мендыбаева Г.Е., Мендыбаев Е.Х. Анализ и оценка качества поверхностных вод бассейна реки Илек 55
- Еврен Атис Түркияда медициналық туризмнің даму ерекшеліктері  
Evren ATIŞ Features of the development of medical tourism in Turkey  
Еврен Атис Особенности развития медицинского туризма в Турции 64

- Асылбекова А.А., Молдагалиева А.Е., Төребек С.Г., Кудайбергенов М.К. Қазақстан Республикасындағы Ұлы Жібек жолының туристік тартиымдылығы  
Assylbekova A.A., Moldagaliyeva A.E., Torebek S.G., Kudaibergenov M.K. Tourist attraction of the Great Silk Road in the Republic of Kazakhstan  
Асылбекова А.А., Молдагалиева А.Е., Торебек С.Г., Кудайбергенов М.К. Туристская привлекательность Великого шелкового пути в Республике Казахстан 71

**А.А. Асылбекова\*, А.Е. Молдагалиева, С.Ф. Төребек, М.К. Кудайбергенов**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

\*Байланыс үшін автор: aizhan.asylbekova@kaznu.edu.kz

## **Қазақстан Республикасындағы Ұлы Жібек жолының туристік тартымдылығы**

**Аннотация.** Мақалада Ұлы Жібек жолы мен оның Қазақстан арқылы өтетін жолдары адамзат өркениетінің бірегей тарихи ескерткіші гана емес, сонымен қатар Ұлттық туризм индустриясының инфрақұрылымының, орталықтары мен обьектілерінің болашақ тірек каркасы екендігі көрсетілген. Бүгінгі таңда қазіргі заманғы көлік магистральдарымен қоныстану жүйелерімен және мәдени даму орталықтарымен таңқаларлықтай сәйкес келетін Ұлы Жібек жолының маршруттары Еуропа мен Азия, батыс пен шығыс арасындағы ерекше көпірге айналуда, бірақ қазір трансұлттық туристік магистраль ретінде Ұлы Жібек жолы алемдік тарихта өзіндік орны бар кең үгымды магына беретіні белгілі. Жібек жолы адамзат үшін бірегей мәдени құндылық болып табылады. Сондықтан ЮНЕСКО ежелгі халықтар қазіргі ұрпаққа қалдыған зор мұраны зерттеуге гана емес, сақтауга да ерекше көңіл бөледі. Сондықтан Жібек жолы мәселесі күні бүгінгіде маңызды.

**Түйін сөздер:** Ұлы Жібек Жолы, трансұлттық туристік магистраль, транзиттік-коммуникациялық жүйе, туризм, халықаралық туризм, туризм индустриясы.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-6771-2022-140-3-71-79>

---

### **Kіріспе**

«Жібек Жолы» (Ұлы «Жібек Жолы») – Қытайдың Ши-ан деген жерінен басталып, Шинжән, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа баратын керуендердің жол бағыты. Атауды алманиялық ғалымдары Ф.фон Рихтгофен (F. von Richthofen) бен А. Херман (A. Herman) 19 ғасырда ұсынған [1].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы "Ұлы Жібек жолы" халықаралық туристік жобасының белсенді қатысушысы болып табылады. Ұлы Жібек жолы – адамзат өркениеті жасағын тарихи ескерткіштердің бірі. Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан басталған бұл жол Еуропа мен Азияның-Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған көпір болған. Оның Қазақстан жерін кесіп өтетін түсініда VI ғасырдан бастап, екі бағыт: Сырдария және Тянь-Шань жолдары бағыттары кең өрістелген. Бірінші жол Қытайдан басталып, Шығыс Түркістан Қашқар арқылы Жетісуға, содан Сырдарияны жағалап, Арап манынан әрі қарай Батыс елдеріне өтеді.

Жалпы Ұлы Жібек жолы ғылымның, техника мен технологияның, ұлтаралық және өніраалық қатынастардың қарқынды дамуына және жалпы мәдени құндылықтармен алмасуға ықпал етті. Себебі өткен және қазіргі өркениеттер сабактастыры, бұрынғы ұрпақтардың кеңістіктік қозғалысының баға жетпес тәжірибесі бүтінгі күнге дейін өзінің функционалдық маңыздылығын жоғалтпағаны туралы айтады.

### **Зерттеу нысаны**

Откенге көз жүгіртетін болсақ Ұлы Жібек жолы-Қытайдан Таяу Шығыс пен Еуропа елдеріне апаратын керуен жолдары жүйесі. Бұл сегменттің едәуір бөлігі Орта Азия мен Қазақстан аумағынан өтті. Жібек жолы сауда магистралі ретінде біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда пайда болды және біздің ғасырдың XVI ғасырына дейін созылды. Қазақстан аумағы арқылы ежелгі керуен жолының солтүстік тармағы өтті. Ежелгі уақытта еліміздегі негізгі

қалалар - Отырар, Түркістан, Тараз, Испиджаб болды. Қазіргі Қазақстанда Жібек жолы трассасымен байланысты негізгі өнірлер Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Манғыстау және Қызылорда облыстары болып табылады.

Қазіргі уақытта Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша тарихи-мәдени және экологиялық бағыттың 57 бағыты әзірленді. "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық көлік дәлізін іске асыру шенберінде еліміздің бірегей туризм объектілеріне және республиканың батыс және шығыс "Шекара қақпаларында" туристерді орналастыру, демалушылар және қажетті сервистік қызметтерді алу үшін заманауи туристік инфрақұрылым құрылуда.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Ғылым және Білім министрлігінің Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты, Тарих институты археология секторының архив материалдары және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының сирек қор бөлімінің материалдары пайдаланылды [2.3].

Сонымен қатар жұмысты жазуға Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, Т.Н. Синигова, К.М. Байпаков, А.Н. Бернштам, Б.Ә. Аманбаева, К.М. Ақышев, Л.Б. Ерзакович, С.П. Толстов, У.Х. Шәлекенов, М. Елеуов, С. Жолдасбаевтың ғылыми есептері мен еңбектері пайдаланылды.

### Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар


XXI ғасырдың ең перспективалы жобаларының ішінде Ұлы Жібек жолын жаңғырту жөніндегі халықаралық бағдарлама өзінің тарихи және жалпы адамзаттық ауқымы бойынша ерекше орын алады. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның (ДТҰ) болжамдары бойынша туризмнің одан әрі дамуы мен өсуі барытын жерлердің тізімін жаңарту және кеңейту есебінен болуы тиіс, өйткені әлемдік туристік нарықтың дәстүрлі аудандары іс жүзінде рекреациялық сыйымдылық шегіне жетіп отыр. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының әлемдік туристік нарықта өз орнын табудың бірегей мүмкіндігі бар, өйткені біздің мемлекетіміз өзінің табиғи ландшафттарының алуан түрлілігімен, халықаралық туристердің кең сұраныстарын қанағаттандыра алатын, бір-біріне ұқсамайтын климаттық аудандардағы көркем аймақтарымен бай екендігі бүкіл әлемге мәлім.

Оңтүстік Қазақстан аумағында туризм индустріясын қалыптастырудың қазіргі мүмкіндіктері мен басқа өнірлерінен айырмашылығы өзіндік ерекшеліктері бар, атап айтқанда: Ұлы Жібек жолының тарихи қалыптасқан негізгі трассасының болуы және тиісінше тарихи-мәдени мұра туристік объектілерінің елеулі әлеуеті, урбанизацияның жоғары дәрежесі және мәдениет тасымалдаушысы ретінде халықтың өсу серпінін атап айтсақ болады. Бүтінгі таңда Жібек жолы туризмнің негізгі және сұранысқа ие бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының туристік индустріясын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес ел аумағында (Астана, Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан) бес туристік кластер құру жоспарлануда, бұл тұтастай алғанда жоғары интеграцияланған туристік ұсыныстар мен бәсекеге қабілетті туристік өнімдерді жасайды. Қабылданған тұжырымдама шенберінде Оңтүстік Қазақстан кластері "Ұлы Жібек Жолының жүрегі" ретінде орналасатын болады. Осы кластерде әзірленетін негізгі туристік өнімдерге мәдени туризм және тур жататындығын нақтыланған болатын [4].

Осылайша "Жібек жолы" бағдарламасына қатысушы елдер арасында әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша бірнеше топтарды бөлуге болады. Бұл, ең алдымен, жоғары және салыстырмалы түрде жоғары даму деңгейі мен әлеуетті өсудің екі полюсі: Оңтүстік Еуропа (Италия, Греция, Сан-Марино) және оңтүстік-шығыс және Шығыс Азия (Қытай, Жапония, Индонезия, Оңтүстік Корея), олар іс жүзінде ежелгі сауда маршрутының соңғы нүктелері және іс жүзінде мәдени және экономикалық мағынада қарама-қарсы өркениеттер. Бұл топқа Сауд Арабиясы мен Израиль кіреді, мұнда белсенді туризмге жалғыз кедергі мәдениет пен саясаттың ерекшеліктері болып табылады.

Зерттеу аумагымызды территориялық бөлініске орай бірнеше географиялық бөліктерге бөлуге болады: Жетісу жеріндегі Шу-Талас және Іле өзені аңғарындағы қалалар тармағы, Сырдария өзені бойындағы ортағасырлық қалалар. Сырдария өзенінің орта ағысының ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінің бір жарым ғасырға жуық зерттелу тарихы бар. Сырдария өзенінің орта ағысының ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінің зерттелуі ортағасырлық Сығанақ қаласымен байланысты (Сурет 1).



Сурет 1. Зерттеу аумағы

Ортағасырлық Сығанақ қаласының тарихи-археологиялық түрғыдан зерттеле бастаудын 1867 жылы Археологиялық комиссия құрамында жолсапармен Оңтүстік Қазақстанға келген шығыстанушы П.И. Лерхтың қызметімен байланыстырылған жөн. П.И. Лерх Сығанақ қаласының орнын Жөлдөктің шығысында, Қаратай жағында екенін атап өткен [17]. 1899 жылы В.А. Каллаур Сығанақ қаласының жобасын түсіріп, қаланың әр-түрлі құрылымының орындары, көше іздері көрініп жатқанын көрсетті және қаланың айналасында көптеген арықтар барын ескере отырып бұл жерде егіншіліктің дамығанын айта келіп, ол Сұнақ ата қалашығын ортағасырлық Сығанақ қаласымен баламалаған Н. Лыкошин мен Е.Т. Смирновтың пікіріне қосылатынын билдірді [18,19,20]. 1900 жылы А.О. Руднев Сырдарияның орта ағысының сол жағасындағы Қысты шатқалымен Үшқайық өткелі аралығында барлау жүргізіп он бір ортағасырлық қалалар мен елді мекендерді тіркеуге алды, олардың қатарында Қауған ата, Артық ата және Разды ата қалалары бар. 1907 жылы И.А.Кастанье ортағасырлық Сығанақ қаласында болып, қаланың тарихи-топографиялық құрылымын, суландыру жүйесін зерттеп, қаланың үстінде және жанында түрған кесенелерді, бұзылып жатқан құрылымдарды көрген [21].

1927 жылы заттай мәдениет тарих Академиясы бойынша ортағасырлық Сығанақ қаласында зерттеу жүргізген А.Ю.Якубовский қаланың тарихи-топографиялық жобасын түсіріп, оның құрамдас бөліктерін алып жатқан көлемін, өмір сүрген уақытын анықтап, қала көлемінде сәulet өнірі ескерткіштеріне сипаттама жасады. Сонымен қатар, ол ортағасырлық қаланың суландыру жүйесіне көніл аударып, осы қалаға қатысты жазба деректерді жинап, жариялады.

1947 жылы Оңтүстік Қазақстан археология экспедициясы Сырдарияның сол жағалауы, Сығанақ оазисінде бірнеше қалалар мен елді-мекендерді ашып, жобаларын түсірді.

1946 жылы Хорезм археолог-этнографиялық экспедициясы (С.П.Толстов) ортағасырлық Бестам қаласында зерттеу жүргізді. 1966 жылы Хорезм археолог-этнографиялық экспедициясының Сырдария бағыты тобы Сырдарияның сол жағасындағы бірнеше қалаларда зерттеу жүргізді [13].

1969-1970 жылдары Отырар археологиялық экспедициясы (К.А. Ақышев) Сырдарияның орта ағысымен Қаратай беткейлерінде бағытты іздеу, археолого-топографиялық, аэротүсіріс, аэробарлау және байқау қазбаларын жүргізді [11]. 1979-1980 жылдары ОҚҚАӘ-ның ирригациялық тобы (Грошев В.А.) Сығанақ оазисінде, Сырдарияның сол жағалауында зерттеу жүргізді [23]. Отандық тарихшылардың осы саланы зерттету басында У.Х. Шалекенов, М. Елеуов сынды ғалымдар тұрады. Мәселен М. Елеуов «Шу – Талас өнірлерінің ортағасырлық қалалары мен мекендері (VI – XIII ғ. басы)» атты ғылыми докторлық диссертациясын осы салаларда қорғады (У. Х. Шалекенов: V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы (2006, 2007, 2009)) [14,15]. Сонымен бірге, Ұлы Жібек Жолының монгол шапқыншылығы дәүіріндегі саяси-экономикалық ахуалынан тұжырымды хабарлар беретін З. Қинаятұлының «Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті» атты еңбегі де дәйекті зерттеулер тобына жатады [25].

## Қорытынды

Жібек жолы қазірі жағдайда мемлекеттер үкіметі мен ірі бизнес өкілдері, сондай-ақ қарапайым адамдар тарапынан ұлken назар аударатыны сөзсіз. Ирі ұйымдар осы бағыттағы әртүрлі қызметті дамытуға белгілі бір қадамдар жасауда, бұл жерде ЮНЕСКО мен ДТҰ ерекше маңызды рөл атқарады.

Тек тәуелсіздігіміздің арқасында байырғы тарихымызды терең тануға даңғыл жол ашылды. Тәуелсіздік алғалы бері қолға алынған және «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстардың негізінде ғылыми айналымға жаңа тарихи және археологиялық деректер қосылды. Осы бағдарламалардың арқасында Ұлы Жібек Жолы бойындағы қалаларды зерттеу мен зерделеу жұмыстары жаңдана түсті [27].

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қазақ жерінде қалыптасқан өркениеттің күесі болған тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеуге мемлекет тарапынан жүзденген миллион теңге бөлініп, атадан қалған мұраны зерттеудің жаңа кезеңі қалыптасты. Осы бағдарламаның аясында «Археология, тарихи-мәдени ескерткіштер» секциясы бойынша 35 тарихи-мәдени ескерткіштер қайта жаңғыртылып, жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары іске асрылды.

Соңғы зерттеулерде ортағасырлық қалаларының өмірі, табиғи-географиялық, саяси-әскери, мәдени, ішкі және халықаралық жағдайлар түрғысынан сарапталып, дамуының басты тарихи кезеңдері зерделеніп, оларға деген жаңа тарихи көзқарас қалыптасты. Қазақстан мен Орта Азиядағы ірілі-ұсақты көптеген тарихи оқиғалар, алмасқан саяси билеушілікке, мемлекеттік құрылымдармен әлеуметтік күштердің ықпалына, еңбек бөлінісі, сауда, қоғамдық-саяси және мәдени араласуы арқасында, экономикалық қатынастарға ыңғайлану жағдайында өмір сүрді. Оған елдің тарихи-географиялық жағдайының қолайлығы, сүй мол жайылымдарында мал шаруашылығы жақсы өркендей, қалыптасқан су жүйелері, отырықшы жер шаруашылығы және т.б. кешендеңі кәсіптер мен дәстүрлі үрдістері ықпал жасады.

Сырдария өзенінің орта ағысындағы қалалар мен елді-мекендердің зерттелу тарихын, үш кезеңге бөліп қарастырылды. Сырдария өзенінің орта ағысының (Жанақорған және Шиелі аудандары бойынша) қалаларының зерттелуі ортағасырлық Сығанақ қаласымен байланысты. Ұлы Жібек Жолы бойындағы қалаларды оның ішінде Сырдария өзені бойындағы қалаларды зерттеу 1867 жылы П.И. Лерхтың экспедициясынан басталады. Түркістан үйірмелерінің хаттамасындағы зерттеуші ғалымдардың мәліметтері қамтылды [17]. Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы, Хорезм экспедициясы, Отырар археологиялық

экспедициясы, ҚазМУ-дің археологиялық экспедициясының археологиялық тобы, Яссайи атындағы ХҚТУ-дің Тұран археологиялық экспедицияларының зерттеу жүргізген еңбектерінің материалдары пайдаланылды. Ортағасырлық қалаларға байланысты жазба деректер мен аңыздар жинақталып, зерделеніп жазылды.

Ортағасырлық қалалар мен елді-мекендердің Сырдарияның сол және оң жағалауындағы деп бөліп көрсетілді, олардың тарихи-топографиялық құрылымы, географиялық координаттары және орналасқан жерлері анықталды. Және өнірдегі ортағасырлық сәулет ескерткіштерінің сипаттамалына тоқталып, оларға қатысты аңыз-деректер қамтылды.

Ортағасырлық керуен жолдары туралы мәліметтер Ә.Х. Марғұлан, В.А. Каллаур, И.И. Агеева мен Г.И. Пацевич, Л.Б.Ерзаевич, К.М.Байпаков, М.Елеуовтердің еңбектерінде керуен жолдарының бағыттары, олардың тармақтары туралы мәліметтер егжей-тегжейлі қарастырылған. Зерттеу жұмысы аталған авторлардың мәліметтері негізінде жазылды. Сырдария өзенінің бойындағы ортағасырлық керуен жолдарының бағыттары мен тармақтар нақты көрсетілді [5,7,12].

Бірақ, зерттеу барысында, Сырдария өзенінің орта ағысының ортағасырлық бірнеше ескерткіштердің бұзылып жатқаны анықталды. Ол туралы М.Елеуовтің еңбектерінде нақты көрсетілген [15].

Сондықтан «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жүргілген археологиялық зерттеулер ең алдымен еліміздегі тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін есепке алу, олардың облыстық жинақтарын, археологиялық картасын жасауға, қорғауға бағытталса, ал қазба жұмыстарын бірінші кезекте бұзылып жатқан не бұзылу қаупі төніп түрған ескерткіштерде жүргізген дұрыс болар еді. Себебі, Сырдарияның орта ағысындағы ортағасырлық Разды ата елді мекені ұлкен-кіші өзендер шайып, бұзылып жатыр. Шиелі ауданындағы Телікөл каналын қазу кезінде ортағасырлық Бестамның сыртқы қамалы, оның сыртындағы құрылыштар толық бұзылған, қаланың цитаделі 35 жылдан бері ыза суы тұр. Ортағасырлық Қүйеутам елді мекені егістік алқабының астында қалып, толық бұзылып кеткен [26].

**Қаржыландыру.** BR10965370 “Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерттеу” БМҚ ҚР БФМ жобасы аясында қаржыландырылған.

### Әдебиеттер тізімі

1. Richthofen Ferdinand (Freiherr von; 1833-1905). China: Ergebnisse eigener reisen und darauf gegründeter studien. – Berlin: Dietrich Reimer, 1877-1912.
2. Сарыарқа мен Шу, Талас, Келес өнірлерінің ортағасырлық қалалары, мекендері және керуен жолдары (аралық). Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп // ҚР БФМ Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының мұрағаты. Опись №2. Дело №2544. – Астана, 2000. – 52 б.
3. Ұлы Жібек жолының бойындағы Қаратаяудың ортағасырлық қалалары мен керуен жолдары. Ғылыми-зерттеу жұмысының есебі (қорытынды) // ҚР БФМ. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағаты. – Алматы, 2011. – 106 б.
4. «Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.
5. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана //тииаэ ан КазССР. – 1958. – Т. 5. – С. 3-215.
6. Сенигова Т.Н., Бурнашева Р.З. Новые данные о городище Туркестан //Известия Академии Наук Казахской ССР. Серия общественных наук. – 1977. – №. 2. – С. 49.
7. Байпаков К.М. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992.

8. Бернштам А.Н. Основные этапы истории культуры Семиречья и Тянь-Шаня //Советская археология. – 1949. – Т. 11. – С. 337-384.
9. Аманбаева Б.Ә., Кольченко В.А., Сулайманова А.Т. Археологические памятники на кыргызстанском участке Великого шелкового пути. – Бишкек: «Гүлчынар», 2015. – 116 с.
10. Ақышев К.А., Байпаков К.М., Исмағұлов О.И., Қомеков Б.Е. Қазакстан тарихы (көне заманнан бүтінге дейін). Төрт томдық. I том. - Алматы: "Атамұра", 1996. – 544 б.
11. Ерзакович Л.Б. Оседлая культура Южного Казахстана XIII-XVIII вв. (по материалам городищ Чуйской и Таласской долин, северных склонов Карагатай): дис. – Академия наук СССР, Институт археологии (ленинградское отделение), 1966.
12. Толстова С.П. Народы Средней Азии и Казахстана. Т. I. – Москва: Издательство АН СССР, 1962. – 768 с.
13. Шәлекенов Уахит. Ғылыми еңбектер. Т. I. – Алматы: «Жібек жолы», 2014. – 584 с.
14. Елеуов М., Қалиев С. Ортағасырлық Тараз қаласы аймағының қарасты мұнаралары // Марғұлан оқулары – 14 ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері. – Шымкент-Алматы, 2002. – 154-156 б.
15. Жолдасбаев С., Нұрханов Б., Мургабаев С., Бахтыбаев М., Амантуров М. 2009 жылы ортағасырлық Сығанақ қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары // Мемлекеттік мәдени мұра бағдарламасы бойынша 2009 жылғы Археологиялық зерттеулер жайлы есеп. – Алматы, 2010. – 84-87 бб.
16. Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. – 1870.
17. Каллаур В.А. Немецкая культура на речке Талас //Среднеазиатская Жизнь № 115 // Туркестанский сборник. – 1907. – Т. 422. – С. 34-38.
18. Лыкошин Н.С. Положение в Туркестане. – Рипол Классик, 2013.
19. Смирнов Е.Т. Древности в окрестностях Ташкента //ПТКЛА I. – Ташкент, 1896.
20. Кастанье А.И. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. 2-е изд. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 516 с.
21. Якубовский А.Ю. Феодальное общество Средней Азии и его торговля с Восточной Европой в X-XV вв //Материалы по истории народов СССР. – 1932. – №. 3. – С. 1-59.
22. Грошев В.А. К вопросам классификации форм орошающего земледелия юга Казахстана и Семиречья в древности и средневековые //Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. – Алматы, 1998. – 203-208 с.
23. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата: Академия Наук Казахской ССР, 1950.
24. Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. – Алматы: Тарих тағымы, 2010. – 728 б.
25. Оразбек Е. «Новый Великий Шелковый путь» или опыт реактуализации идеи. – 2016. – № 2. – С. 133-138.
26. Назарбаев Н.А. Избранные речи. Том VII. 2012-2013 гг. – Астана: Издательство «Сарыарка», 2014. – 572 с.

**А.А. Асылбекова, А.Е. Молдагалиева, С.Г. Торебек, М.К. Кудайбергенов**  
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

### **Туристская привлекательность Великого шелкового пути в Республике Казахстан**

**Аннотация.** В статье показано, что Великий шелковый путь и его пути через Казахстан являются не только уникальным историческим памятником человеческой цивилизации, но и будущей опорой инфраструктуры, центров и объектов национальной индустрии туризма.

Сегодня маршруты Великого шелкового пути, удивительно совпадающие с современными транспортными магистралями, системами расселения и центрами культурного развития, становятся уникальным мостом между Европой и Азией, Западом и Востоком. Также известно, что Великий шелковый путь, как транснациональная туристская магистраль, имеет широкий смысл в мировой истории. Шелковый путь является уникальной культурной ценностью для человечества, поэтому ЮНЕСКО уделяет особое внимание не только изучению, но и сохранению огромного наследия, которое древние народы оставили современному поколению.

**Ключевые слова:** Великий шелковый путь, транснациональная туристская магистраль, транзитно-коммуникационная система, туризм, международный туризм, индустрия туризма.

**A.A. Assylbekova, A.E. Moldagalieva, S.G. Torebek, M.K. Kudaibergenov**

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

### **Tourist attraction of the Great Silk Road in the Republic of Kazakhstan**

**Abstract.** The article shows that the Great Silk Road and its routes through Kazakhstan are not only a unique historical monument of human civilization, but also a future pillar of infrastructure, centers, and facilities of the national tourism industry. Today, the routes of the Great Silk Road, surprisingly coinciding with modern transport highways, settlement systems, and cultural development centers, are becoming a unique bridge between Europe and Asia, the West, and the East. But now it is known that the Great Silk Road is a transnational tourist highway that has a broad meaning in world history. The Silk Road is a unique cultural value for humanity. Therefore, UNESCO pays special attention not only to the study but also to the preservation of the vast heritage that the ancient peoples left to the modern generation. Therefore, the issue of the Silk Road is relevant today.

**Keywords:** The Great Silk Road, transnational tourist highway, transit and communication system, tourism, international tourism, tourism industry.

### **References**

1. Richthofen Ferdinand (Freiherr von; 1833-1905). China: Ergebnisse eigener reisen und darauf gegründeter studien (Berlin: Dietrich Reimer, 1877-1912).
2. Saryarka men SHu, Talas, Keles onirlerinin ortagasyrlyk kalalary, mekenderi zhane keruen zholdary (aralyk). Gylymi-zertteu zhumysy turaly esep. KR BDM A.H. Margulan atyndagy arheologiya institutynyn muragaty. Opis' №2. Delo №2544 [Medieval cities, settlements and caravan routes (intermediate) of Saryarka and Shu, Talas, Keles regions. Report on research work. A. Kh. Archive of the Institute of Archeology named after Margulan. Description #2. Case number 2544] (Astana, 2000, 52 b.). [in Kazakh]
3. Uly ZHibek zholynyn bojyndagy Karataudyn ortagasyrlyk kalalary men keruen zholdary. Gylymi-zertteu zhumysynyn esebi (korytyndy). KR BGM. A.H. Margylan atyndagy Arheologiya institutynyn muragaty [Medieval towns and caravan routes of Karatau along the Great Silk Road. Research report (summary). Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan. Archive of the Institute of Archeology named after A.H. Margulan] (Almaty, 2011, 106 b.). [in Kazakh]
4. «Kazakstan Respublikasyny turizm salasyn damytudyn 2020 zhylga dejingi tuzhyrymdamasyn bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Prezidentinin ZHarlygy [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan "On approval of the concept of development of the tourism sector of the Republic of Kazakhstan until 2020"]. [in Kazakh]
5. Ageeva E.I., Pacevich G.I. Iz istorii osedlyh poselenij i gorodov YUzhnogo Kazahstana, tiae an KazSSR [From the history of settled settlements and cities of South Kazakhstan, Tiae en KazSSR], 5, 3-215 (1958). [in Russian]

6. Senigova T.N., Burnasheva R.Z. Novye dannye o gorodishche Turkestan, Izvestiya Akademii Nauk Kazahskoj SSR. Seriya obshchestvennyh nauk [New data on the settlement of Turkestan, News of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Social Sciences Series], 2, 49 (1977). [in Russian]
7. Bajpakov K.M. Uly ZHibek zholy zhane ortagasyrlyk Kazakstan [The Great Silk Road and medieval Kazakhstan] (Almaty: Kazakstan, 1992) [Almaty: Kazakhstan, 1992]. [in Kazakh]
8. Bajpakov K.M. Srednevekovaya gorodskaya kul'tura YUzhnogo Kazahstana i Semirech'ya v VI-nachale XVII v. (dinamika i osnovnye etapy razvitiya): dis. [Medieval urban culture of South Kazakhstan and Semirechye in the VI-beginning of the XVII century (dynamics and main stages of development): dis.] (Akademiya nauk SSSR, Ordena Trudovogo Krasnogo Znameni institut arheologii, 1985) [Academy of Sciences of the USSR, Order of the Red Banner of Labor Institute of Archeology, 1985]. [in Russian]
9. Bernshtam A.N. Osnovnye etapy istorii kul'tury Semirech'ya i Tyan'-SHanya, Sovetskaya arheologiya [The main stages of the history of the culture of the Semirechie and Tien Shan, Soviet archeology], 11, 337-384 (1949). [in Russian]
10. Amanbaeva B.E., Kol'chenko V.A., Sulajanova A.T. Arheologicheskie pamyatniki na kyrgyzstanskom uchastke Velikogo shelkovogo puti [Archaeological monuments on the Kyrgyz section of the Great Silk Road] (Bishkek: «Gulchynar», 2015, 116 s.). [in Russian]
11. Akyshev K.A., Bajpakov K.M., Ismagyllov O.I., Komekov B.E. Kazakstan tarihy (kone zamannan buginge dejin). Tort tomdyk. I tom. [History of Kazakhstan (from ancient times to the present day). Four volumes. Volume I] (Almaty: "Atamura", 1996, 544 b.). [in Kazakh]
12. Erzakovich L.B. Osedlaya kul'tura YUzhnogo Kazahstana XIII-XVIII vv. (po materialam gorodishch Chujskoj i Talasskoj dolin, severnyh sklonov Karatau): dis. [Settled culture of South Kazakhstan XIII-XVIII centuries (based on the materials of the settlements of the Chui and Talas valleys, the northern slopes of Karatau): dis.] (Akademiya nauk SSSR, Institut arheologii (leningradskoe otdelenie), 1966) [Academy of Sciences of the USSR, Institute of Archeology (Leningrad branch), 1966]. [in Russian]
13. Tolstova S.P. Narody Srednej Azii i Kazahstana. T. I. [Peoples of Central Asia and Kazakhstan. T. I.] (Moskva: Izdatel'stvo AN SSSR, 1962, 768 s.) [Moscow: Publishing House of the Academy of Sciences of the USSR, 1962, 768 p.]. [in Russian]
14. SHalekenov Uahit. Gylymi enbekter. T. I. [Scientific works. T. I.] (Almaty: «ZHibek zholy», 2014, 584 s.) [Almaty: "Silk Road", 2014, 584 p.]. [in Kazakh]
15. Eleuov M., Kaliev S. Ortagasyrlyk Taraz kalasy ajmagynyn karauly munaralary. Margulan okulary – 14 gylymi-praktikalik konferenciyasynyn enbekteri, SHymkent-Almaty [Watchtowers of the medieval Taraz region. Margulan readings - works of the 14th scientific-practical conference, Shymkent-Almaty], 154-156 (2002). [in Kazakh]
16. ZHoldasbaev S., Nurhanov B., Murgabaev S., Bahtybaev M., Amanturov M. 2009 zhyly ortagasyrlyk Syganak kalasynda zhurgizilgen arheologiyalyk kazba zhumystary. Memlekettik madeni mura bagdarlamasy bojynsha 2009 zhyly Arheologiyalyk zertteuler zhajly esep [Archaeological excavations conducted in the medieval city of Syganak in 2009. Report on Archaeological Research in 2009 under the State Cultural Heritage Program] (Almaty, 2010, 84-87 b.). [in Kazakh]
17. Lerh P.I. Arheologicheskaya poezdka v Turkestanskij kraj v 1867 godu [Archaeological trip to the Turkestan region in 1867], 1870. [in Russian]
18. Kallaur V.A. Nemeckaya kul'tura na rechke Talas. Sredneaziatskaya ZHizn' № 115, Turkestanskij sbornik [German culture on the Talas River. Central Asian Life No. 115, Turkestan collection], 422, 34-38 (1907). [in Russian]
19. Lykoshin N.S. Polzhizni v Turkestane [Half a life in Turkestan] (Ripol Klassik, 2013). [in Russian]
20. Smirnov E.T. Drevnosti v okrestnostyah Tashkента, PTKLA I [Antiquities in the vicinity of Tashkent, PTKLA I] (Tashkent, 1896). [in Russian]

21. Kastan'e A.I. Drevnosti Kirgizskoj stepi i Orenburgskogo kraja. 2-e izd. [Antiquities of the Kirghiz steppe and the Orenburg region. 2nd ed.] (Almaty: Dajk-Press, 2007, 516 s.) [Almaty: Dike-Press, 2007, 516 p.]. [in Russian]
22. YAkubovskij A.YU. Feodal'noe obshchestvo Srednej Azii i ego torgovlya s Vostochnoj Evropoj v X-XV vv. Materialy po istorii narodov SSSR [Feudal society of Central Asia and its trade with Eastern Europe in the X-XV centuries. Materials on the history of the peoples of the USSR], 3, 1-59 (1932). [in Russian]
23. Groshev V.A. K voprosam klassifikacii form oroshaemogo zemledeliya yuga Kazahstana i Semirech'ya v drevnosti i srednevekov'e. Problemy izucheniya i sohraneniya istoricheskogo naslediya [On the classification of forms of irrigated agriculture in the south of Kazakhstan and Semirechie in antiquity and the Middle Ages. Problems of studying and preserving historical heritage] (Almaty, 1998, 203-208 s.). [in Russian]
24. Margulan A.H. Iz istorii gorodov i stroitel'nogo iskusstva drevnego Kazahstana [From the history of cities and the building art of ancient Kazakhstan] (Alma-Ata: Akademiya Nauk Kazahskoj SSR, 1950) [Alma-Ata: Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1950]. [in Russian]
25. Kinayatuly Z. SHyngys han zhane Kazak memleketi [Genghis Khan and the Kazakh state] (Almaty: Tarih tarlymy, 2010, 728 b.) [Almaty: History Education, 2010, 728 p.]. [in Kazakh]
26. Orazbek E. «Novyj Velikij SHelkovoj put'» ili opyt reaktualizacii idei ["The New Great Silk Road" or the experience of re-actualization of the idea], 2, 133-138 (2016). [in Russian]
27. Nazarbaev N.A. Izbrannye rechi. Tom VII. 2012-2013 gg. [Selected Speeches. Volume VII. 2012-2013] (Astana: Izdatel'stvo «Saryarka», 2014, 572 s.) [Astana: Publishing house "Saryarka", 2014, 572 p.]. [in Russian]

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Асылбекова А.А.** – PhD, доцент м.а., Картография және геоинформатика кафедрасының менгерушісі, әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Молдагалиева А.Е.** – г.ғ.к., Рекреациялық география және туризм кафедрасының доценті, әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Төребек С.Ғ.** – Рекреациялық география және туризм кафедрасының магистранты, әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Қудайбергенов М.К.** – Картография және геоинформатика кафедрасының аға оқытушысы, әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Asylbekova A.A.** – Ph.D., Acting Associate Professor, Head of the Department of Cartography and Geoinformatics, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Moldagalieva A.E.** – Candidate of Geographical Sciences, Associate Professor, Department of Recreational Geography and Tourism, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Torebek S.G.** – Master student in Tourism, Department of Recreational Geography and Tourism, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Kudaibergenov M.K.** – Senior Lecturer, Department of Cartography and Geoinformatics, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.